

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 309 (2016), 191 – 196

S.A. Saduakassova, G.S. Suleymenova

Zhetysu state university named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan.
e-mail: saida-otan@mail.ru, suleymenova.76@list.ru

**LINGVOPHILOSOPHICAL ASPECTS
OF POLITICAL METAPHORS**

Abstract: In this article revealed lingvophilosophical aspects of political metaphors, considering the result of the simple philosophical discussion. Since Zh.Balasaguni works in creation of the Kazakh biyes and famous akyns, zhyrau of A.Kunanbayev, B. Momushuly, D.Kunayev, they found the reflection in the form of conclusion. In formed political metaphors clearly seen the national colors intertwined with the history, culture, traditions and way of life. Philosophical and social-humanistic ethnical aesthetic views, thoughts and opinions of afore mentioned public features are full of ideas. They accurately convey the essence of the social and political functions of metaphors, they are backed by excellent examples of psychological and social problems and the laws of development society. Shows the dynamics of political metaphors, having a valuable language material. They characterize the development of the language in a certain era brining the features and novelty.

Keywords: political metaphor, lingvophilosophiya, aspekt

ӘОК. 81' 23

С.Ә. Садуақасова, Г.С.Сүлейменова

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған, Қазақстан,

**САЯСИ МЕТАФОРЛАРДЫҢ
ЛИНГВОФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Аннотация. Бұл мақалада қарапайым философиялық ойлардың нәтижесі болып табылатын саяси метафоралардың лингвофилософиялық мәні ашылған. Жүсіп Баласағұн еңбегінен бастап, қазақтың бишешендерінің тілі, акын-жыраулар тілі, Абай Құнанбайұлының, Бауыржан Момышұлының, Д.Қонаевтың тұжырымдарынан көрініс тапқан саяси метафоралардың қалыптасуындағы ұлттық реңк, оның ұлттың тарихымен, салт-дәстүрімен сабақтастығы айқындалған. Аталған қоғам қайраткерлерінің философиялық, әлеуметтік-гуманистік, этика-эстетикалық идеяларға толы, психологиялық, әлеуметтік заңдылықтарға бағынып айтылатын ой-тұжырымдары мен сөздерінің қоғамдық-саяси қызметі нақты мысалдар арқылы берілген. Ұлттық сипаттағы саяси метафоралардың даму динамикасы көрсетілген. Саяси метафоралар тіл дамуының белгілі бір кезеңіндегі жаңалықтар мен ерекшеліктерді айшықтай отырып, сол арқылы бүгінгі тілдік субъектінің компетенттілігін де көрсететін құнды материал ретінде үлкен маңызға ие.

Тірек сөздер: саяси метафора, лингвофилософия, аспект.

Метафораның тілде қалыптасып, сақталып қалуы тілтанымдық, жалпылай айтқанда, философиялық құбылыс десе де болады. «Жалпы, философияның өзі - адамдардың еркін ойлау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ілім. Оның құрылымынан догмалық түрде қатып қалған көзқарастарды, түсініктерді іздеу жаңсақтық. Ол үнемі ағып жатқан өзендей түрленіп жаңғырып отыруы тиіс. Тек тоталитарлық қоғамда ғана философияның аясы тарылып, белгілі бір идеологиялық қалыптардың ауқымдарымен шектеліп отырылды. Әрине, ол дегеніңіз белгілі бір іргелі ұғымдар болмайды деген сөз емес. Қазақ дүниетанымы үшін ондай базалық негіз болған әмбебап ұғымдар бар екені белгілі» [1].

Адамның қоғамдағы кез келген құбылысқа өз тарапынан баға беріп, іштей қорытынды жасап, сол дүниені өз атауымен емес, басқа тілдік бірліктермен, тілдік оралымдармен ауыстырып сипаттауы метафораларды қалыптастырады. Бұл қарапайым философиялық ойлардың нәтижесі болып табылады. Мысалы, Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» атты еңбегінде:

«Ақылды бек – басшысы елдің, шырағы,

Қылыш жұмсау – білімсіздің қылығы» [2], - деген жолдарында ел билеушінің сана-сезіміне байланысты елге не жарық, не түнек болатындығын меңзеп отыр. Қай қоғамда болмасын басшының ақыл-ой деңгейі ел билеудегі әрекетінің нәтижесіне тікелей әсер етіп, саяси ахуалға өз септігін тигізіп отырады. Қарапайым халықтың өмірі басқарушының интеллектуалдық әлеуетіне тікелей бағынышты келеді. Сондықтан «ақылды бек – шырақ», ақылсыз би – түнек болатындығы сөзсіз.

Осыған ұқсас автордың:

«Ақыл болса жаһан тұтпақ ерде ерек,

Білім болса ел билемек ерде ерек» [2] – деген шумақтар да осындай даналық ойға негізделеді.

Жүсіп Баласағұнның ел билеу ісі мен ел басқарушылардың адал қызмет етіп, әділетті билік жүргізуіне қатысты философиялық ой-толғамдары жинақталған «Құтты білік» еңбегі бүгінгі күні де ел басқару жолында қызмет етіп жүрген әрбір азаматтың жүгінетін басты заңнамаларының бірі десек те болады. Даналық дәрістерінде айтылар ой орамды, тұжырымды, келтірінді мағында келеді:

Бек ізгі боп, түзу жүрсе бек ісі,

Қандай құтты болар еді ел іші.

Әділдік – құт, құт құрығы – кішілік,

Әділдіктің заты – тұнған кісілік.

Кімнің қолы ұзын болса жұртына,

Түзу, сынық болсын қылық, құлқы да! [2].

Берілген мысалдарда әділ іс – құтқа баланып, ізеттілік белгісі – құрық, ал кісілік әділдіктің басты қағидасына ұқсастырылып отыр. Әділеттілікті ел басқарудың басты шарты деп түсінген дана ғалымның айтар ойының халықтың таным-түсінігіне сай жеткізілуі – ақпарат алушыға (реципиентке) оң ықпал етері сөзсіз. Ойшыл тіліндегі адамның бойындағы ізгі қасиеттерді танытатын кішілік, кісілік сияқты лексемалар негізгі нысанға алынған.

Тарихи тұрғыдан алып қарасақ, қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі би-шешендердің, хандардың, жыраулардың, данагөй-ақылмандардың, ақын-жазушылардың ой ұшқындарынан, философиялық тұжырымдарынан да саяси метафоралар көрініс табады. Өз басынан гөрі, бүкіл ел-жұрттың қамын ойлаған осындай халық алдында рухани беделі жоғары адамдарға қоғам, қоғам мүшелері, ел-жұрт сенім білдірді, құрмет тұтты. Әр халықтың өмір сүру философиясынан туындаған шешендік сөздердің суггестиялық күші зор. Тура биде туғанның болмайтындығын, туғанды биде иманның болмайтындығын жете түсінген қазақтың би-шешендерінің қара қылды қақ жара әділ билік айтуының өзі – шешендік сөздердің рухани әсерінің күштілігін көрсетеді. Демек, белгілі бір философиялық, психологиялық, әлеуметтік заңдылықтарға бағынып айтылатын шешендік сөздердің қоғамдық-саяси қызмет атқаратындығын да байқаймыз. Мәселен, «Бірде Құнанбай, Алшынбай, Мұса үшеуі бірігіп, ел арасында даулы мәселелер көбейіп кетті, барымта жиі қайталанатын болды деген себепті желеу етіп, ел жинап, мәслихат өткізбек болады. Ел жиналып, дуанбасыларды көп күтеді. Жанқұтты шешен халықты қайтарып жіберіп, үшеуінің алдынан өзі шығады да:

- Мұсажан, астық дауын саған қалдырдым, Алшеке, тақыр жердің билігін саған қалдырдым, Құнанбай, ақтобық аттың билігін саған қалдырдым деген екен [2]. Мұндағы *астық дауы, тақыр жердің билігі, ақтобық аттың билігі* - астарлы мағынада жұмсалып тұрған тіркестер. Жанқұтты шешен ел ағаларына халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуді осылайша жүктейді.

Келесі мысалда саяси метафоралар екі жақты бірлікке, бітімгершілікке шақыру идеясына негізделген, ел бірлігін, ұлт тұтастығын сақтау мақсатында қолданыс тапқан: Ертеде солтүстік, Сібір жақтан «Қарашекпенді» казак-орыстар қаптап келе бастады, «Бекініс саламыз» деген

сылтаумен қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алып, өздерін шеттете бастайды. Өзен бастауларына шошқа жайып, суды лайлайды. Екі арада қақтығыстар туындайды, бір келісімге келе алмайды. Екі жақ дауласып, Қожбанбет биге келеді. Би:

- Орысым – *орманым*,
Опасыз болмағын!
Таптама қазақтың,
Қонысын, қорғанын! [3] - дейді.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілері – жұмбақтардың жасалуына да метафоралар негіз болады. Шешендік сөздердің кейбірі ерекше тапқырлықты қажет етеді. Сондай мысалдардың бірі - Қаз дауысты Қазыбек бидің қалмақ хандығына елшілікке барған сапарда айтқан сөздері. «Қылышынан қан тамған Цэван Рабдан алдында Тәуке хан жіберген қазақ билері күмілжіп, айтуға сөз таппай тұрғанда бала Қазыбек суырылып алға шығып: «Дат, тақсыр!» деп сөз бастапты: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз. Сен *темір* болсаң, біз *көмірміз* – еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең шабысқалы келгенбіз. Сен *қабылан* болсаң, мен *арыстан* – алысқалы келгенбіз, *тұтқыр сары желіммен* жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең жөніңді айт, бермесең тұрысатын жеріңді айт!» [3] деген екен. Жас баланың бұл сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымаққа шақырған ізгілікті де аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: “Дауысың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын”, – деген екен. Соның арқасында елшілік жау қолындағы 90 тұтқынды шабылған мал, тоналған мүлігімен шашау шығармай қайтарып алып, елге олжалы оралған екен [3].

Осылайша Қазыбек би қалмақ елін *темірге*, қаттыны жұмсартып, жұмсақты еріте білетін *көмірге* балау арқылы қазақ елінің күш-қайратын танытып, енді бірде өзін *арыстанға* ұқсатып, *қабыланмен* қарпыса кетуге шамасының жеткілікті екенін қалмақ ханының көз алдына образды түрде суреттей жеткізеді.

Жыраулар тілінде метафоралардың қолданылуы мына бір көріністе сәтті шыққан: Сыр бойында Төребай деген би болған. Бір күні арнайы адам жұмсап, Оңғар Дырқайбаласын, Жиёмбай Дүзбембетбаласын, Тұрымбет Салқынбайбаласын шақыртады. Төребайды оларды шақыртқандағы мәнісі екі ағайынды туысқан ел болыстық пен ауылнайлыққа таласып, араздасқандарына үш жыл болған көрінеді. Арада барымта, ұрыс-жанжал болған. Төребай ел арасына барып билік айтса да әлгілер тоқтамаса керек. Төребай өзінен жасы кіші үшеуіне араздасушыларды бірлікке шақыруға үндейді. Би әдейі сынап отыр. Сонда Оңғар жыраудың айтқаны:

Ер – *шаңырақ*, ел – *уық*,
Үстемдік етпе сұрланып.
Көп – Құдайдың бір аты,
Сыртыңнан сынап жүр халық.

Жиёмбай жырау:
Анық болса әділдік,
Ағайын тұрар қорғанып.
Елім – *теңіз*, ер – *шөміш*,
Жарайды етсем жорғалық.

Тұрымбет жырау:
Бір *шұқанақ* толмай ма,
Теңселсе *теңіз* қозғалып.
Неше бір ерлер өткен жоқ,
Артында нұсқа сөз қалып [4].

Берілген жыраулар сөзінен ел бірлігін нығайту мақсатында ер азаматтардың алатын орнын көрсету үшін ер – шаңыраққа, шөмішке, шұқанаққа баланып, ел сол шаңырақты көтеретін уыққа, қорғаныш болар теңізге ұқсастырыла берілуінің өзі халықтың сол кездегі тұрмыс-тіршілігінен көрініс береді. Сондай-ақ, ойды астарлау, тұспалдау арқылы халықтың таным-түсінігіне сәйкес ұғынықты жеткізген. Халық танымындағы *ер* мен *елдің* алар орнына ерекше назар аударған.

Абай Құнанбаевтың философиялық, әлеуметтік-гуманистік, этика-эстетикалық идеяларға толы «Қара сөздерінде» де ел билеу ісіне қатысты ой-тұжырымдарын оқырман қауымға жеткізуде қолданылған метафоралардың атқаратын қызметі ерекше, себебі қара сөздерінде талқыланатын басты мәселе - халық, ел үшін қызмет ететін адам, әлеуметтік тұлға және оның тәрбиесі болып табылады. Ақынның басты мақсаты - қазақ қоғамының адамгершілік, ізгілік қасиеттерін жетілдіре отырып, мәдениеті мен әдебиеті дамыған, рухы биік елдер қатарына қосу болғандықтан, оның қара сөздеріндегі философиялық және психологиялық көзқарастары бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Ғалым Т.Тәжібаев: «Абай тек қана асқан кемеңгер ойшыл ақын ғана емес, сонымен қатар, ірі философ, психологиялық білімдер жүйесін насихаттаумен айналысқан ғалым» [5], - деп ақынға баға береді.

А. Құнанбаев Төртінші қара сөзінде: «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» [6] - дейді. Әдетте, тұрмыс-тіршілік барысында «сауу» ұғымы «сиыр» малына қатысты айтылады. Ал берілген мәтінде оның ауыспалы мағынада қолданылуы тыңдаушының назарын бірден аударып, экспрессия тудырып тұр. Абай: «қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ» сияқты әдеттерді адам бойындағы жаман қасиеттер қатарына жатқызады. Осы әдеттердің өнерсіз, іске қыры жоқ, қолынан еш нәрсе келмейтін адамға тән екендігін жете көрсетеді. Он бірінші қара сөзінде: «Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Ұлықтар алып беремін деп, даугерді жеп, құтқарамын деп ұрыны жеп жүр. Ұлықтар «пәлі-пәлі», бұл табылған ақыл деп, мен сені сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп мынаны жеп жүр. Қара халық менің сонша үйім бар, сонша ауыл-аймағыммен сойылыңды соғайын, дауыңды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, Құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, қатын-баласын сатып жүр» [6], қоғамдық-саяси лексикада ауыспалы мағынада қолданылып жүрген «жеп» сөзі арқылы бүгінгі күні қоғам дерті саналатын жең ұшынан жалғасқан жемқорлық мәселесі Абай өмір сүрген уақытта да өзекті болғандығын көреміз. Жиырма екінші қара сөзде: «Болыс пен биді құрметтейін десең, Құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ» [6]. Мұндағы «бас ұрып» тіркесінің ауыспалы мағынада қолданылуы жағымсыз эмоция тудырып тұр. «Жә, кімді сүйдік, кімнің тілеуін тіледік? Өзі құрттанып шашылған болыс-билер тұра тұрсын. Енді, әлбетте, амал жоқ, момындығынан «Ырыс баққан, дау бақпас» деген мақалмен боламын деп бергенімен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштығымен баға алмай, ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момын байларды аямасаң һәм соның тілеуін тілемесең болмайды» [6]. Отыз тоғызыншы сөзде: «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болсаң манар тауға сыймасың, басалқаның бар болса, жанған отқа күймессің» деп, мал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенінді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен [6].

Осылайша, тарихи шындықпен, қоғамдық құрылыспен байланысты Абайдың қарасөздерінде саяси метафоралардың лингвофилософиялық мәні жоғары екендігін бағамдауға болады.

Философ А.Қасабек: «XX ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлері А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, М.Шоқаевтардың негізгі идеялары - бостандық, тәуелсіздік, отаршылдық езгіден құтылу жолдары және қазақ халқының жалпы адамзаттық құндылыққа жақындастыруды армандаған» [7] деп баға берген Алаш зиялылары мен қайраткерлерінің ұлт мүддесі жолында атқарған қызметтерінде ел алдында сөз алу, газет-журнал беттерінде мақала жариялауы кезінде саяси метафораларды қолданбауы мүмкін емес еді. Мәселен, Ә.Бөкейханов: «Біз қарап отырсақ қосақ арасында бос кетеміз. Қазақ жұрты болып бас қамын қылмасақ болатын емес. Есік алдынан *дауыл*, үй артынан жау келді. Алаштың баласы ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан соң, 200 жылда басыңа бір қиын іс келді. Ақсақал аға, азамат іні, отбасы араздықты, дауды қой, бірік, жұрт қызметіне кіріс! Алаштың басын қорғауға қам қыл» [8]. Қарсы келген отаршылдық езгісін «дауылға» балай отырып, қазақ халқына төнген қауіпті

алапат күшті көз алдыларына елестетуге ықпал еткен. Ал Мұстафа Шоқайдың «Алауыздыққа орын қалдырмайық», «Интернационалдық Кеңес галстугі» және Түркістандағы Кеңес шошқалары», «Атамекен жағдайы», «Жалалар мен жалғандарға тойтарыс» атты мақалаларында бүгінгі күні қоғамдық-саяси лексикада қолданылып жүрген «саясат тізгіні», «саясат сахнасы», «сұрапыл майдан» сияқты ауыспалы мағынадағы тіркестермен қатар, сол кезең, дәуірден көрініс беретін «*Столытин галстугі*», «*Интернационалдық Кеңес галстугі*» метафоралары қолданыс тапқан: «Бірақ мұндай ізгі тілектің орындалуы үшін Уәли Нұралдин бек «Ашық хатын» Бубнов тәрізді төмен дәрежелі шенеунікке емес, *саясат тізгінін* қолында ұстап отырған Сталиннің өзіне қаратқаны әлдеқайда оңды болмас па еді? Заман талабына сәйкес әлгі «*Столытин галстугі*» енді бүгін түсін өзгертіп, «*Интернационалдық Кеңес галстугі*» болып шыға келді. «Интернационалдық Кеңес галстугі» қазір түрікшілдікке, Түркістандағы түрік тілінің *мойнына* байланатын болды. Большевиктер Түркістанды екі жылдан бері «*сұрапыл таптық күрес сахнасына*» айналдырып келеді. Рахымбаев Тәжікстанды «*социалистік құрылыстағы таптық күрестің сұрапыл майданы*» деп атап көрсетеді. Голощекин мен Сафаров *саясат сахнасынан* ғайып болды [9].

Даңқты қолбасшы, жазушы Б.Момышұлы «*Партия жеңістерге жетелейді*», «Біз революционер ұрпағымыз» атты мақалаларында партияның ел өміріндегі орнын көрсетуде, марксизм-ленинизм идеологиясының күш-қуатын танытуда халық ұғымына сай метафораларды шебер қолданған: «Ұлы Отан соғысының *жолбасшысы* – біздің сүйікті партиямыз. Шегінген жаудың соңынан өкшелей отырып, қасиетті мекенімізді, қасиетті жерімізді біртіндеп болса да жау *шеңгелінен* босата бастадық. Өткен соғыстың қиыншылықтарын басынан өткізбеген, оның *от-жалынына* күймеген бірде-бір отбасы жоқ. Біздің *жолбасшымыз* – партия! Біз қиыншылық болса мойымаймыз, жақсылықты *тәбарік* дейміз! Біздің халқымыз бостандық, тәуелсіздік прогресс үшін, Марксизм-Ленинизм идеологиясының сөнбес жарқын *туын* көтере ұстап «Жаным - арымның садағасы», - деп түнерген қауіпті жұмыла жаппай ерлік көрсеткеніне дос та, дұшпан да куә [10].

Аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері Д.А. Қонаевтың ел басқарған жылдары партия съездерінде жасаған баяндамалары, ел алдында сөйлеген сөздерінде әскери сала терминдерінің детерминологизацияға ұшырауымен жасалған саяси метафоралар жиі кездеседі. Мысалы, «Коммунистер еліміздің экономикалық қуатын одан әрі өркендету жолындағы бүкіл халықтық *жорықтың* алдыңғы сапында келеді. КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март және сентябрь Пленумдарының шешімдері партиямызды, бүкіл совет халқын жұмыстың айқын программасымен *қаруландырып* отыр. Қалалар мен селолардың еңбеккерлері партиямыздың ХХІІІ съезі құрметіне қабылдаған міндеттемелерін орындау жолында табандылықпен *күресуде*. (Социалистік Қазақстан, «Үлкен аттаным үстінде», 1966 17 февраль, 1б). Өзара жемісті ынтымақтастық тапқан, интернационализм және советтік патриотизм рухымен шыңдалған туысқан халықтар достығы – біздің жеңістеріміздің қайнар *көзі* [11].

Қорыта айтқанда, саяси метафоралардың тілде қалыптасып, сақталып қалуы тілтанымдық, жалпылай айтқанда, философиялық құбылыс ретіндегі мәні оның лингвофилософиялық негіздерін ашуда анық көрініс тапты. Көне түркі ойшылы Ж.Баласағұн еңбектерінен бастап, қазақ халқының би-шешендері, жыраулары, данагөй-ақылмандары, ақын-жазушылары, Алаш зиялылары, мемлекет және қоғам қайраткерлері тілінде қолданылған саяси метафоралардың даму динамикасының берілуі - «Саяси метафора саяси дискурста оқырман не тыңдарманның белгілі оқиғаға қатысты оң немесе теріс көзқарасын қалыптастыратын бағалаушылық және экспрессивті-эмоционалды сипаттағы көркемдік құрал» деп тұжырым жасауымызға негіз болады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. -Алматы, 2014. -І т. -400 б.

[2] Баласағұн Ж. «Құтты білік». Даналық дәрістері. -Астана, 2003. -128б.

[3] Билер сөзі – ақылдың көзі. -Алматы, Қазақстан, 1996. –240б.

[4] Ел аузынан. Жыраулар өсиеті. -Алматы, Жазушы, 1989. -Б. 235-237.

[5] Тәжібаев Т. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. -Алматы, Баспалар үйі, 2006. – 8т. -480 б.

[6] Абай. Қара сөздері. Алматы, Өнер, 2010. –124 б.

- [7] Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). XV–XIX ғасырлардағы қазақ философиясының тарихи сипаттамасы. -Алматы, 2014. - II т. -304б.
- [8] «Қазақ» газеті. -1918. -№260.
- [9] Шоқай М. Таңдамалы шығармалары. -Алматы, Қайнар, 1998. -512б.
- [10] Момышұлы Б. Мақалалар мен толғаныстар // Социалистік Қазақстан, 1965.
- [11] Қонаев Д. Үлкен аттанғыс үстінде // «Қазақ әдебиеті» газеті. -1970. -№2.

REFERENCES

- [1] Қазақ философиясы тарихы (ezhelgi дәуірден қазіргі заманға дейін). Қазақ философиясының қалыптасуы: ezhelgi тыркілік дәуір. -Алматы, 2014. -I т. -400 б.
- [2] Balasagyn Zh. «Құтты билік». Danalyқ дәрістері. -Astana, 2003. -128b.
- [3] Biler sözi – ақылдың көзі. -Алматы, Қазақстан, 1996. –240б.
- [4] El auzynan. Zhyraular өsieti. -Алматы, Zhazushy, 1989. -B. 235-237.
- [5] Тәзhibаев Т. Psixologiya. Adamzat ақыл-оюның қазынасы. -Алматы, Baspalar үji, 2006. – 8т. -480 б.
- [6] Abaj. Қара sözderi. Almaty, Öner, 2010. –124 б.
- [7] Қазақ философиясы тарихы (ezhelgi дәуірден қазіргі заманға дейін). XV–XIX ғасырлардағы қазақ философиясының тарихи сипаттамасы. -Алматы, 2014. - II т. -304б.
- [8] «Қазақ» газеті. -1918. -№260.
- [9] Shoқай М. Таңдамалы шығармалары. -Алматы, Қайнар, 1998. -512б.
- [10] Momyshyly B. Мақалалар мен толғаныстар // Socialistik Қазақстан, 1965.
- [11] Қонаев Д. Үлкен аттанғыс үстінде // «Қазақ әдебиеті» газеті. -1970. -№2

С.А. Садуақасова, Г.С. Сулейменова

Жетысуский государственный университет имени И.Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан,

ЛИНГВОФИЛОСОФСКИЙ АСПЕКТ ПОЛИТИЧЕСКИХ МЕТАФОР

Аннотация. В этой статье раскрываются лингвофилософские аспекты политических метафор, считающихся результатом простых философских суждений. Начиная с трудов Ж.Баласагуни в творчестве казахских биев и известных острословов, акынов и жырау, А.Кунанбаева, Б.Момышұлы, Д.Кунаева, они нашли отражение в виде выводов и умозаключений. В сформировавшихся политических метафорах ясно прослеживаются национальные оттенки, переплетающиеся с народной историей, культурой, традициями и бытом. Философские, социально-гуманистические, этико-эстетические воззрения, мысли и суждения вышеназванных общественных деятелей полны идей. В них точно переданы суть и общественно-политические функции метафор, они подкреплены примерами, характеризующие психологические и социальные проблемы и закономерности развития общества. Показаны динамика развития политических метафор, являющихся ценным языковым материалом. Они характеризуют развитие языка в определенную эпоху, принося свои особенности и новизну.

Ключевые слова: политическая метафора, лингвофилософия, аспект.